

Германия кредит желісі шеңберінде "Азат" өндірістік-коммерциялық концернінің жобаларын жүзеге асыру туралы<*> Ескерту. Қаулының атауына өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.12.29. N 1890 қаулысымен. ~P951890

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 17 наурыз N 296

Қазақстан Республикасының тұтыну рыногын жоғары сапалы тамақ өнімдерімен молайту, шетелдік кредиттерді тарту жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің ұқсатушы салаларын дамыту мақсатында және "Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығына және "Қазақстан Республикасына шет ел кредиттерін тарту жұмыстарын тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 31 өкімі негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатуға және салқындатылған сусындар жасауға арналған жабдықтар мен технологиялық желілер алу, сондай-ақ бірінші қажеттіліктегі тауарларды сатып алу, соның ішінде:

жалпы сомасы 30,2 миллион (отыз миллион екі жүз мың) неміс маркасы болатын неміс банкілері беретін кредиттер есебінен;

(3-абзац) <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.12.29

N 1890 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкісі:

ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатуға арналған технологиялық желілерді беріп тұруға және тауарларды сатып алуға жасалған контрактілерге сәйкес Германия кредит беруші банкілерімен осы жоба бойынша жеке кредиттік келісім жасасын; <*>

"Азат" концернімен ішкі кредит келісімін жасасын;

берешектің уақтылы төленуін қамтамасыз ету жөнінде, кредиттік келісімнің күшін тоқтатуға дейін, қажетті шаралар қолданатын болсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.12.29

N 1890 қаулысымен.

3. "Азат" концерні өз қаражаты есебінен авансты, сақтандыру жарнасы мен қызмет көрсетуші банкілерге комиссиялық төлемдерді сондай-ақ проценттерді төлеу мен

берешекті одан әрі өтеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі осы жобаны басым түрдегі инвестициялық жобалар мен тауарлар сатып алудың Индикативтік тізбесіне енгізсін.

5. "Азат" концерні, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, мемлекеттік Экспорт-импорт банкі жобаны тиімді жүзеге асыру үшін шешілуге қажетті барлық мәселелер жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына дер кезінде енгізетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің міндеттемелері мен "Азат" концернінің аманаттық кепілділігі негізінде кредит желілері бойынша: германдық 30,2 миллион ДМ үкіметтік кепілдіктер берсін кредит желісі. <*>

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.12.29.

№ 1890 қаулысымен.

7. Жобаның жүзеге асырылуы мен кредит бойынша уақтылы төлемдер жасалуының қамтамасыз етілуіне бақылау жасау Ақмола облысының әкіміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі